

«БЕКІТЕМІН»

**«Астана қаласының
Дене шынықтыру және спорт
басқармасы» ММ
басшысы**

_____ **В.А. Левит**

« _____ » _____ **2024 жыл**

«КЕЛІСЕМІН»

**Астана қаласы әкімдігінің
«Спорттық-бұқаралық
іс-шараларды өткізу
дирекциясы» КММ басшысы**

_____ **Б.Е. Масанов**

« _____ » _____ **2024 жыл**

«КЕЛІСЕМІН»

**Астана қаласының «Спорттық
бағдарлау федерациясы» ҚҚБ
президенті**

_____ **Е.Б. Баяхметов**

« _____ » _____ **2024 жыл**

**«ASTANA O-FEST»
СПОРТТЫҚ БАҒДАРЛАУ ФЕСТИВАЛІНІҢ
ЕРЕЖЕСІ**

Астана қаласы, 2024 жыл

1. ЖАРЫСТЫҢ АТАУЫ, ӨТЕТІН УАҚЫТЫ МЕН ОРНЫ, ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КЕЛУІ МЕН КЕТУ КҮНІ.

«ASTANA O-FEST» спорттық бағдарлау фестивалі.

Мақсаты мен міндеттері:

- Астана қаласында спорттық бағдарлауды насихаттау және дамыту;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Жастарды жүйелі дене шынықтыру және спорт сабақтарына тарту;
- Спортшылар арасында татулық пен ынтымақтастықты дамыту;
- Спортшылар мен төрешілердің шеберлігін арттыру.

Жарыс Астана қаласының саябақтарында, қалалық аймақтарда **2024 жылдың 21-23 маусым** күндері өткізіледі. Жарыс орталығы – Астана қаласы, Тұран даңғылы 2/5.

Келу күні: 21 маусым 2024 жыл; Қайту күні: 23 маусым 2024 жыл.

«ASTANA O-FEST» спорттық бағдарлау фестивалі ҚР СБФ ережелерінің жеңілдетілген түрімен өткізіледі.

2. ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР, ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ.

Жарысқа өтінім берген, денсаулықтарына қарсы көрсеткіштері жоқ ұйымдардың спортшылары және жеке тұлғалар қатыса алады.

Қатысушылар саны шектелмеген.

Бағдарлау жарысы ережеге сәйкес қатысушылардың жас топтары:

MW – 8 (2016 ж.т. және одан кіші);

MW - 10 (2014-2015 ж.т.);

MW - 12 (2012-2013 ж.т.);

MW – 14 (2010-2011ж.т.);

MW – 16 (2008-2009 ж.т.);

MW – 18 (2006-2007 ж.т.);

MW – 20 (2004-2005 ж.т.);

MW – 21 (2003 ж.т. және одан үлкен);

MW – 21A (2007 ж.т. және одан үлкен) разрядсыз;

MW – 35 (1989 ж.т. және одан үлкен);

MW – 40 (1984 ж.т. және одан үлкен);

MW – 45 (1979 ж.т. және одан үлкен);

MW – 50 (1974 ж.т. және одан үлкен);

MW – 55 (1969 ж.т. және одан үлкен);

MW – 60 (1964 ж.т. және одан үлкен);

MW – 65 (1963 ж.т. және одан үлкен).

Жас топтары қатысушылары аз болған жағдайда 35 топтан жоғары қарай одан кішірек топпен біріктіріледі, 20 топтан кішілері одан жоғары топпен біріктіріледі. Ерлер мен әйелдер топтарының жалпы саны 16 топтан аспау керек. Бір топтың қатысушылар саны 20-дан асқан жағдайда А,В,С... паралель топтары құрылуы мүмкін.

3. МЕДИКАЛЫҚ – САНИТАРЛЫҚ ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

Жарыс барысында спортшылардың өмір қауіпсіздігіне, денсаулығына тікелей қатысушының өзі жауапты болады. Жарыс кезінде спортшылармен оқыс жағдайлар, жарақаттар болған жағдайда ұйымдастырушыға жауапкершілік жүктелмейді. Мәре бойында дәрігер болады.

Жарыстың барлық қатысушылары допингке қарсы ережемен таныстырылады.

Тыйым салынған субстанциялар мен әдістерді (бұдан әрі допинг) химиялық қосылыстар, тыйым салынған заттарды пайдалануға қатаң тыйым салынады.

4. ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР.

Қатысуға өтінім тек ORGEO.RU жүйесі арқылы беріледі, 2024 жыл 18 мамыр 21:00-ге дейін қарастырылады.

Жарысқа түсу келесі қатысушыларға рұқсат етіледі:

Спорттық бағдарлауға медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ. Қатысушы өз бетінше медициналық тексеруден өтуге және бағдарлау жарыстарына қатысуға қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы медициналық қорытынды алуға міндетті. Кәмелетке толған спортшылар өз денсаулықтарына өз бетінше жауапты.

5. ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ.

Жеке жарыстарда әр қатысушының нәтижесі қашықтықты өтудің ең аз уақыты бойынша анықталады. Жеке есептегі ұпайлар мына формула бойынша есептеледі: $100 * \text{тпоб.} / t \text{ уч.}$

Диплом, медаль және сыйлықтарды Астана қаласы әкімдігінің «Спорттық - бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ қамтамасыз етеді. Жарыстың барлық күндерінің қортындысы бойынша 1-3 орын алған қатысушылар диплом және медальдармен, сыйлықтармен марапатталады.

6. ЖАРЫСҚА БАСШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАҒЫМДАНУ МЕН НАРАЗЫЛЫҚТАР.

Наразылықтар беру тәртібі және оны қарау ҚР СБФ ережелеріне жеңілдетілген түріне сәйкес қаралады.

Жарыстың осы Ережесі жарысқа қатысу үшін ресми және шақыру болып табылады.

Ұйымдастыру комитеті жарысты өткізу туралы осы Ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Бас төреші: Баяхметова А. +7 777 969 90 72

Бас хатшы: Абишев Б. +7 701 228 62 01

«ASTANA O-FEST» спорттық бағдарлау фестивалі.

СМЕТАСЫ:

Спорттық бағдарлау:

1-ші орын – диплом, медаль.

2-ші орын – диплом, медаль.

3-ші орын – диплом, медаль.

Барлығы: диплом, медаль.

Барлығы:

Дипломдар саны: 48 дана

Медальдар саны: 16 жиынтық

Сыйлықтар саны: 48 дана

Жауапты: Баяхметова А.

Ұялы телефон: +7 777 969 90 72